



Сізге Киелі кітапта
хабарланған аспанға
жеткізетін жол туралы
біреулер айтты ма? Сіз
аспанда нақты
болатыныңызды қалай
БІЛЕСІЗ?

Егер Сіз Киелі кітапты
ашсаңыз
Жаман Хабар
және
Жақсы Хабарды
табасыз.

Жаман Хабар СІЗ туралы.
Жақсы Хабар - Құдайдың
сүйіспеншілігі туралы.

Алдымен Жаман Хабарға
көңілімізді

.....

1 Жаман Хабар.

Сіз күнәқарсыз.

Римдіктерге арналған хаттың 3:23 үндеуінде айтылады:

*“ . . . бәрі де күнә жасап,
Құдайдыңөздеріне белгіленген
ұлылығынан құр алақан қалды”.*

“Күнә болу” – көздеген мақсатқа жетпеу деп саналады. Біз өтірік айтсақ, жек көрсек, құмарлықтарға берілсек, өсек айтатын болсақ, онда біз Құдай қойған мақсатқа жетпегеніміз.

Егер Сіз және мен Солгүстік полске бағыттап тас лақтырып көрсек,



мүмкін Сіз менен алыстау тастайтын шығарсыз, бірақ Сіз де, мен де оған жеткізе алмаймыз.



“ . . . Бәрі де күнә жасап . . . ” – деп Киелі кітапта айтылған сөздердің, мағынасы осы: біз Құдай талап еткендей кемелді емеспіз. Ойларымызда, сөздерімізде және істерімізде біз мінсіз болмадық. Бірақ та одан да жаман хабар бар екенін білуіміз керек . . .

2 Жаман Хабар.

Күнәніз үшін жаза - өлім.
Римдіктерге арналған хаттын
6:23 үндеуінде: *“Күнәның
беретіні - өлім делінген . . .”*



Мысалы, Сіз бір күн жұмыс істедіңіз және Сізге 50 теңге төлеп берді. Осы 50 теңге Сіздің төлем ақыңыз, яғни табысыңыз.

Киелі кітапта айтылған, біз өзіміздің күнәміз үшін өлім жазасын алдық. Біз өлім жазасын алуға және Құдайдан мәңгілік бөлек болуға тиісті екенбіз.



Бірақ . . .
Біз өзіміз
Құдайға
жақындай
алмайтын болғандықтан,
Ол Өзі бізге келе жатыр!

1 Жақсы Хабар.

Иса Сіз үшін өлді.

Римдіктерге арналған хаттың 5:8 үндеуінде былай айтылады:

“Дегенмен, әлі де күнөқар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді . . . ”

Мысалы, Сіз ауруханада қатерлі ісіктен өліп бара жатырсыз. Мен Сізге келіп былай айтсам: “Сіздің қатерлі ісігіңізден жазылуыңыз үшін, оны менің денеме көшірейік.” Менімен не болады? Сізбен не болады?



Мен Сіз үшін өлім аламын. Киелі кітапта айтылған, Иса Мәсіх өз мойнына біз алатын жазаны артып *біздің орнымызға* өлді.



Үш күннен кейін Ол тірілді. Бұл күнәнің және өлімнің жеңілгенін және Исаның шынымен Құдай екендігін дәлелдейді.

Жаман Хабар бұзылып бара жатыр, Жақсы Хабар жақсарып бара жатыр!

2 Жақсы Хабар.

Сіз Исаға сенгендіктен құтқарыласыз. Ефестіктерге арналған хаттың 2:8-9 үндеуінде былай айтылған: *“Себебі Құдайдың рақыммен (мейірімдік біздің істеген ісіміз үшін берілген емес), Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар (күнәсі үшін берілген жазадан босатылған). Бұл - өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый, сондықтан иегі істеріңнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын”.*

Сенімнің мағынасы – сенім арту.

Сұрақ: Исаға неге сенуге тиістісіз?

Жауап: Сізді кешіру үшін және мәңгілік өмір беруі үшін, Сіз Оған ғана сенуге тиістісіз.

Сіз орындыққа отырғанда, оның Сізді ешқандай көмексіз көтере алатынына қалай сенсеңіз, солай Иса Сізді аспанға Сіздің жағыңыздан ешқандай көмексіз апара алатынына *сенуге тиістісіз.*

Бірақ мүмкін Сіз айтарсыз:

“Мен жақсы адаммын”.

“Мен ұрламаймын”.

“Мен Құдайға сенемін”.

Бұл бәрі өте жақсы, бірақ Сіздің дұрыс өмір сүргеніңіз, мешітке барғаныңыз, кедейлерге көмектескеніңіз Сізге аспанға жол ашпайды.

Сіз тек қана Исаға сенуге тиістісіз. Сонда Құдай Сізге мәңгілік өмір сыйлайды! Осы дұрыс па?

Сіздің қазір Исаға сеніміңізге кедергі жасайтын себептер бар ма?

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Байыпты ойланыңызшы.


Сіздің Исаға сеніміңіздің қажетінен басқа маңызды нәрсе жоқ.

Сіздің өзіңіздің Исаға Құтқарушыңыз ретінде сеніміңіз туралы Құдайға айтқыңыз келе ме? Солай болса, Құдайға дәл қазір Оның Ұлына сенетініңізді айтыңыз.

Есіңізде сақтаңыз!

Сіздің мінажатыңыз емес, Исаға сеніміңіз ғана Сізді құтқарады. Сиыну арқылы Сіз Құдайға не істеп жүргеніңізді айтасыз.

“Қымбатты Құдай-Әке, мен өзімді күнәқар деп санаймын. Менің күнәм жазалануға тиісті, екенін түсінемін.



Иса мен үшін өлгеніне және тірілгеніне сенемін. Мен Исаға өзімнің Құтқарушыымдай сенемін. Мен күнәмнің кешіргеніне және қазір мәңгілік өмірім бар болғаны үшін алғыс айтамын. Исаның атынан сыйыным Аумин”.

Сізбен қазір не болды?

5:24 Жохан жазған Ізгі хабарда айтылған:
“Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: кімде-кім сөзіме құлақ асып, Мені Жібергенге сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды, керісінше, рухани өлімінен шынайы өмірге өтті”.

Сіз Құдайдың Сөзін “құлақ қойып тыңдайсыз ба”?

Сіз Құдайдың сөзіне және Иса Сіздің Құтқарушыңыз екендігіне “сенесіз” бе?
“Мәңгілік өмір иесі” деген сөздер қазір орындалды ма әлде кейін орындала ма?
“Қиямет сотына тартылмайды” немесе мүмкін тартылмайды?

“Өлімнен өтті” ме, немесе өте ме?

Мәңгілік өмір сезімде емес, білімде құралады. 5:24 Жохан жазған Ізгі Хабарды бүгін жаттаңыз.

Сізге енді не істеу керек?

Аспанға апаратын жалғыз жол — Иса екендігіне сенген соң, Сіз Онымен қарым-қатынасыңызды өркендете аласыз.

- Ойыңыздағыны туралы Құдайға сыйынып айтыңыз (Філіпіліктерге хат 4:6,7).
- Киселі кітапты күнде оқыңыз (Тимотеге 2-хат 3:16,17). Філіпіліктерге арналған кітаптан бастаңыз.
- Жергілікті мешітке барып тұрыңыз (Евр. 10:24-25).
- Басқаларға Иса туралы айтыңыз (Мат. 4:19).

Мына кітаптың мағынасы Сізге пайдалы болса біреумен бөлісіңіз.